

# ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ӘОЖ 809.51

М.Бәделхан

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

## Қытай тілін оқытуда назар аударатын кейбір мәселелер

Мақалада қытай тілін шетел тілі ретінде оқыту мәселелері қарастырылды. Мақала авторы әлемдік жаһандану жағдайында аталған тілді оқытудың әдістері мен ұстанымдарына басты назар аударады. Сондай-ақ қытай тілін оқытуда оқушыларға фонетика, лексикология, морфология, сөзжасам және синтаксис бөлімдерін меңгерту мәселесі сөз болады.

*Кілтті сөздер:* қатынас құралы, қытай тілін оқыту әдістері, ғылыми-техникалық жетістіктер, бәсекеге қабілетті маман, екі тілдегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыру, оқытудың жан-жақты әдістемелерін қолдану, білімді де мәдениетті, білікті де саналы дара тұлғатәрбиелеу.

Тіл — адам қажетін өтейтін, ой сезімді және шындықты білдіретін, қоғамға қызмет етіп өзара барыс-келісті күшейтетін, бірлікті сақтап, ортақ гүлденуге, мәдениетті арттыруға, экономиканы жандандыруға дәнекер болатын маңызды қатынас құралы. Қоғам мүшелері тіл арқылы бір-бірімен пікір алысып, түсінісіп, идея көзқарасы мен көңіл-күйін ауыстырып, қимылдарын селбестіріп, ортақ мақсатына жетіп, көздеген мүддесіне кенеліп отырады. Сөйлесу, араласу, әрине, осындай қоғамдасқан адам бар жерде ғана болады. Адамзат қоғамы қашан пайда болған болса, тіл де сол кезде пайда болған. Тілдің пайда болуы адамзатты мәңгірттіктен арылттып, хайуанат дүниесінен айырса, жазудың пайда болуы, адамзат қоғамының мәдени дәуірге қадам басқандығының айғағы болды. Тілдердің ұқсастығы ежелден барлық дәуірде де адамның қарым-қатынасына, қоғамның экономикасын гүлдендіріп, мәдениетін дамытуға кедергі болған. Сондықтан адам тегіннен мұндай тілдегі кедергіні жаратушы иенің жұмыр басты пендеге әдейі сыйлаған тылсым әрекеті деп бой ұрмай, осы кедергіні жоюдың шараларын іздеп, жолын тауып, құлшыныстар көрсетіп, ақыры, бұл тылсым бөгетті жеңген. Мұны тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Адамзат қоғамы үздіксіз дамиды. Қоғамның дамуы тілдің дамуына түрткі болып жеделдете түседі. Дүниедегі озық мәдениетпен озық ғылым-техника жетістіктері бір ұлт (мемлекет) көлемінде қалыптасқаннан кейін ол басқа халыққа тілді дәнекер етіп тез арада таралып, бүкіл адамзаттың ортақ рухани байлығына айналады. Демек өркендеп алға ілгерлеуде дүниедегі түрліше халықтың озық мәдениеті мен ғылым-техника жетістіктерін қабылдаудағы алтын көпір, әрине, тіл деп кесіп айтыуымызға болады. Шынында, басқа ұлт тіл-жазуын үйренумен қолдану сол халықтың алға басуға ұмтылғандығының, дәуірдің даму аяқ алысына сәйкесуге бейімделгендігінің бейнесі. Ал енді бүгінгі таңда дүние жүзіндегі елмен халық көп тілді болу деген тамаша орайға кенеліп отыр. Әрине, ғылым-техника барынша дамыған бүгінгі білім экономикасы ғасырында ұлт пен ұлтты, халық пен халықты теңестіре алатын бірден-бір алып күш ғылым-техниканың тетігін игеруде екендігі баршамызға аян [1].

Мұхтар Әуезов: «Кімде кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты да мәдениетті адам деп санауға болмайды», — деген. Сондықтан ана тіліміз — аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз. Әр қандай бір ұлттың өз ұлтының тіл-жазуына терең сүйіспеншілігі болады. Ана тілдің тағдырына қамқор көзбен қарап, болашақта даму беталысы жөнінде жауапкершілік арқалау — әрбір азаматтың борышы. Алайда бір ғана тілмен шектеліп қалмау керек.

Дүниеде бір ғана тілді білсең — бір адамсың, екі тілді білсең — екі адамсың, үш тілді білсең ... деп атап өткен алға басатын, дамитын ұлт басқа ұлттың озық нәрсесін үйренуге шебер болады [1].

Елбасымыз білім беру жүйесінің алдына бірнеше тіл меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін қойып отыр. Көп тілділік — бүгінгі күннің талабы. Жоғары оқу жүйесіндегі басты мақсаты — Қазақстан Республикасының білім сапасының деңгейі мен болашақ бағытын анықтау, әлемдік өркениетке жетудің жолын қамтамасыз етер білімді де мәдениетті, білікті де саналы дара тұлға тәрбиелеу.

Бұл мәселе әсіресе ХХІ ғасырда әлемдік руханият таразыға түсіп, ерекшеленіп жатқан тұста айрықша маңызды екені ақиқат. ҚХР мен Қазақстан Республикасы ежелгі көрші ел. Яғни қазақ халқы мен қытай халқының бір-біріне ықпалдастығы өте ертеден қалыптасқан. Сонау Үйсін мемлекетінің тұсынан бастап бүгінге дейін бұл екі ел арасындағы байланыс еш үзілген емес, мұның дәлелі бес мың жылдық жазба тарихы бар қытай жазбаларында жазылған. Сондықтан да біздің бүгінгі өскелең ұрпақ ата-бабамыздың басып өткен жолын біліп, бағасына жетіп, даңқын асқақтату үшін сол тарихымыз жазылып қалған елдің тілін біліп, жазуын меңгеру өте қажет болып отыр.

Қазіргі кездегі әлемді аузына қаратқан Конфуцийдің отаны — Қытай мемлекетімен тығыз бейбітшілік, іскерлік қарым-қатынастамыз. Қазіргі таңда біздің жастарымыз қытай тілін оқып-білуге үлкен қызығушылық танытуда.

Жоғары оқу орындарында мектептерде қытай тілін оқыту қазіргі таңда едәуір биік өрге көтеріле бастады деуге болады. Ендеше алдағы жерде қытай тілін оқытуды одан әрі дамытып, оқыту әдісін үздіксіз жаңалап, қытай тілін оқыту сапасын биік деңгейге көтеру үшін қалай ізденіс жасауымыз керек?

Қытай тілін оқытуды фонетика бөлімінен бастаумен бірге ондағы «төрт негізгі дыбыс ырғағына» жаттығу, бір-бірімен парықтай білу жалаң дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарды, мұрын жолды дыбыс пен қосар дауысты дыбыстардың оқылуын, жазылуын меңгерту керек.

Қытай тілін қазақ тілді аудиторияда шет тілі ретінде үйретуде кездесетін қиыншылықтардың бірі — фонетикалық ерекшеліктердің көптігі. Сондықтан оны танып-білудің маңызы зор.

Фонетикалық жағынан алып қарасақ, қытай, қазақ тілдерінде айырмашылықтар өте көп. Қазақ тілді аудиторияда қытай тілін үйретуде біраз қиыншылықтар кездеседі. Осы арада екі тілдің екі тілді семьяға жататындығын ұмытпаған жөн. Қытай тіліндегі дыбыстық және буындық құрылымдардың өзіндік ерекшеліктері болғаны сияқты қазақ тіліндегі буындар да фонетикалық өзгешеліктерге ие болады [2].

Қытай тілінде буын өзіндік ерекшеліктерімен айшықтанады. Бір иероглиф бір ғана буынның көрінісін беріп, лексикалық мағынаға ие болады. Буын негізінен *sheng mu yun mu* және тон арқылы жасалынады. Мысалы: *ch – ang, sh-ei, b-ang*. Сонымен қатар бір дауысты дыбыс бір буын бола алады. Мысалы: *a* (а, сенсің бе?)

Ал қазақ тілінде бір дауысты дыбыс бір буын құрағанымен, дербес сөз болатын жағдай өте сирек.

Буынның өзі қытай тілінде бірнеше түрлі тондармен дыбысталады және әрбір дыбысталуында әр түрлі мағына береді. Қытай тілі мен қазақ тіліндегі буындардың арасындағы ең үлкен айырмашылығы осы тондар болып келеді. Және осы айырмашылықтардың қытай тілін оқытуда, әсіресе бастапқы кезеңде маңызды екенін есте ұстаған жөн.

Қытай және қазақ тілдеріндегі буын, фонемалардың саны, олардың буын құрау тәсілі және буын құрамындағы ұқсас фонемалардың айтылу ерекшелігі бірдей бола бермейді. Қытай тіліндегі буындардың жасалу ерекшеліктері, оны қазақ тілді аудиторияларда оқыту мәселелері ортаға қойылады. Қытай тілінде *sheng mu* (инициал) дегеніміз — буын басында келетін дауыссыз фонемалар. Жалпы қытай тілінде 21 дауыссыз фонема бар: *b, p, m, t, d, f, n, l, z, c, s, zh, ch, sh, r, j, q, x, g, k, h*.

Ал, кейбір буындар дауысты дыбыстан басталады, оларды нөльдік буын деп атайды. Бірақ қытай тілінде буын құрамында екі дауысты дыбыстар қатар келе береді.

Қазақ тілі буын құрамының қытай тілі буын құрамымен ортақ жақтары бар. Екі тілде де дауыссыз дыбыстар жеке буын құрамайды. Қытай тілінде негізінен «*yun mu*» дауысты дыбыстардан құралатындығын, сонымен қатар «*yun mu*» құрамында дауыссыз фонемаларда болатындығын байқауға болады [2].

Қытай тілі буын құрамының қазақ тілінен ең бір өзгеше жері екі-үш дауысты фонема қатар тұрып күрделі «*yun mu*» құрайды. Екі немесе одан көп дауысты фонемалар дыбысталу барысында

өзара ұласып белгілі бір әуенмен айтылады. Айтылу барысында оларға түсетін екпін де түрліше болады. Міне, осының салдарынан сөз, буынында тон пайда болады. Қазақ тіліндегі екпін сөз, ой, тіркес, көңіл-күй екпіндері деп бөлінеді. Олардың сөздеріне тән ерекшеліктері бар. Екпін сөздің соңғы буынына, кейбір сөздің алдыңғы немесе ортаңғы буынына қойып айтсақ, қалыпты екпін бұзылады да өзгеше естілуі мүмкін. Сол сияқты қытай тілінде де әрбір сөздің өзіндік екпіні, яғни тоны, болады. Қытай тілі тондық тілдерге жатады. Путунхуада 4 тон бар. Диалектіге байланысты олар 9 тонға дейін болады. Қытай тілін үйренуде осы тондарды меңгерудің орны ерекше. Ұқсас бір дыбыс тонның түрліше болуына қарай түрліше мағына береді [2].

Қытай иероглифтерін үйрету барысында оқушыларды қызықтырумен бірге есіне сақтау жағына да көңіл аударуымыз керек, сол үшін тек қана жазылу қағидалары мен қытай иероглифтерінің жазылу сызықтарының ретін мықты ұстаумен бірге, қытай иероглифтерінің шығу тегіне қарай, әр түрлі заттардың суретін сызып, көрсетпелі оқыту құралын жасап, өзіміздің әрекетімізбен бейнелеп, жанды мысалдармен түсіндіріп, оқушыларды өзімізге баурап, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруымыз керек.

Жалпы қытай тілінде төрт жүзден аса буын бар. Бұл қытай тілінде төрт жүз ғана сөз немесе әріп бар дегендік емес, керісінше, төрт мың тіпті одан да көп. Айтылуы бірдей бір буыннан сөзден бірнешеуі келе береді. Мысалы: «*ta*» деген бір буынды сөзден дыбыстау ырғағына, таңбалануына қарай төрт сөзді айтуға болады. Олар: *ta, ta, ta, ta*.

Бұл бір буынды, бір дыбысталуы сөздердің қазақша мағыналары мүлде басқа сөздер болып табылады. Олар сұраулы сөйлемнің соңындағы жалғаулық сияқты.

Міне сондықтан да, қытай тілін үйренуші ең әуелі қытай алфавитіндегі дауыссыз, дауысты дыбыстарды, әрі осы дауысты, дауыссыз дыбыстардан жасалған кез келген сөзді (буынды) өз ырғағында дұрыс дыбыстай алуы шарт. Әйтпесе қытай тіліндегі дыбысталуы бірдей, мағынасы басқа-басқа сөздерді бір-бірімен шатастырады да мағынасы жағынан көп қате жібереді.

Бұл қытай тілін үйренудегі ең негізгі шарт.

Ендігі мәселе, қытай тілін үйренуде дұрыс жаза білу. Әр ұлттың жазу мәдениеті, жазу тарихы бар екені белгілі. Қытай халқының жазу тарихы ұзақ, өзіндік жазу мәдениеті бар. Олар да дүниедегі көптеген ұлттар сияқты алғашқы жазуларын тасқа, сүйекке, ағашқа жазған.

Ең әуелі айналадағы заттардың пішініне сәйкес суретін сызған. Мысалы, «күн» деген сөзді жазу үшін дөңгелек сызып, дәл ортасына бір нүкте қойған. Бертін келе бұл таңба немесе әріп өзгеріп, бүгінгі күнде «*gi*» деген әріп болып белгіленіп, қазақша «күн» болып қалыптасты.

Қытай әріптердің қалыптасуы ең әуелі жоғарыдағы ереже бойынша жасалуымен қатар мазмұндық жағынан да қалыптасқан. Мысалы, қытай елі әуелі егіншілікпен айналысқан ел. Соған байланысты егіс алқаптары көп болған. Демек егіс алқаптарына еңбек күш те қажет болған. Еңбек күші ер азаматтардан болуын талап ететін еді. Сондықтан «ер» деген сөз (әріп) таңбалануы керек болған. Осындағы «ер» деген сөз қытай тілінде «*nan*» деп айтылды да, жазылуы «егістік» (қытай тілінде «*tian*») және күш (қытай тілінде «*li*») деген екі сөздің (әріптің) қосындысынан құралады, сондықтан «*nan*» деп жазылады.

Қытай әріптерінің қалыптасу барысы осылай, ал енді осы әріп болып қалыптасқан, белгілі формада жазылған әрбір қытай әріптерінің өзіндік жазылу тәртібіне тоқталайық.

Жалпы қытай әріптерінің төмендегі сегіз түрлі жазылу тәртібі бар. Мұны қытай тілінде «*bi shun*» дейді.

1. Алдымен көлденең, сосын тік сызық.
2. Солдан оңға қарай сызық.
3. Жоғарыдан төменге қарай сызық.
4. Алдымен оңға қиғаш, сосын солға қиғаш.
5. Сырттан ішке қарай.
6. Алдымен ішке кіріп, сосын есікті жабу.
7. Алдымен ортасы, сосын екі жағы.
8. Алдымен орнығып алып, сосын жүру.

Әрбір әріптерді осы тәртіптер бойына жазу керек.

Бұдан өзге әрбір әріп үлкен немесе кішілігіне қарай айтылуы да, жазылуы да бөлек, бөлек сызықтардан құралады. Бұл сызықтарды қытай тілінде «*bihua*» дейді. Әрбір «*bihua*» өзіне тән бағыттық сызу тәртібі болады. Бір сызықтың орнына басқа бір сызықты сызуға мүлде болмайды. Онда жазған әрібіңіз, сөзіңіз басқа әріпке өзгеріп кетуі әбден мүмкін.

Мысалы, «piu» қазақшасы «сиыр» деген сөз бен «wu» қазақшасы «түс мезгіл» деген сөздің жазылуы өте жақын, бір ғана сызықтың айырмасы арқылы парықталып тұрады. Сондықтан, қытай әріптерін жазған кезде «bi hua» мен «bi shun» екеуіне баса назар аудару керек [2].

Қытай тілін үйренушінің тағы бір білуге тиісті нәрсесі — ол өзінің ана тілінің грамматикасын анық білмей тұрып, өзге тілді меңгеру мүмкін емес.

Қазақ тіліндегі сөз таптарын, сөйлем мүшелерін дұрыс ажыратып, оның сөйлемдегі орнын да жақсы білу керек.

Қазақ тілінде зат есім сөйлемде көбінесе бастауыш қызметін атқарады десек, қытай тілінде де солай болады. Қазақ тілінде баяндауыш немесе етістік сөйлемнің соңында келсе, қытай тілінде сөйлемнің ортасында келеді.

Мысалы, қазақшада «мен үй тазаладым» болса, қытай тілінде «мен тазаладым үй» түрінде келеді. Міне, осы сияқты екі тілдегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыра білу керек [3].

Қытай тілі еуропалық және басқа тілдерден морфологиялық және синтаксистік, грамматикалық ерекшеліктерімен ажыратамыз. Қытай тілінде тілдің әр түрлі грамматикалық қатарларында көрінетіндей, грамматикалық тәсілдерді қатаң үнемдеу тән.

Қытай тіліндегі сөздерді қандай да болсын сөз таптарына жатқызатындай, көп жағдайда ішкі морфологиялық ерекшелігі жоқ. Сондықтан белгілі бір сөздің қандай да бір сөз таптарына жатқызу үшін басқа өлшемдерді қолдануға тура келеді. Мысалы, кез келген формалды көрсеткіштер мен басқа сөздердің қатарын қосқанда, сол сөз қабілеттілігі белгілі бір сөйлем мүшесін құра алмайды.

Қытай тіліндегі зат есімдер септіктерге және родқа жіктелмейді, түрлерге өзгермейді. Қытай тілінің морфологиялық ерекшеліктерінің ең негізгі көрсеткіші «men» жұрнағы. Бұл жұрнаққа есімдіктің көпше түріне міндетті түрде, ал зат есімдермен кейбір жағдайларда ғана қолданылады. Зат есімдердің саны кез келген жағдайда контекстпен, яғни сан көрсеткіштерімен, анықталады. Зат есімнің роды қажет болғанда лексикалық түрмен сипатталады.

Қытай тілінде еуропалық тілдері сияқты саналатын және саналмайтын болып екіге бөлінеді. Бірақ еуропалық тілден айырмашылығы қытай тілінде зат есімдер өзіне тән ерекше көмекші сөздермен саналады, олар сандық сөз деп аталады. Зат есімдердің барлығы кластарға бөлінеді. Бұл кластар заттардың ішкі түріне сәйкес ажыратылады, бірақ көбінесе негізгі тілдік салт-дәстүрмен бөлінеді. Сонымен қатар белгілі бір кластың зат есімдері бір сандық сөзбен қолданылады.

Зат есім бастауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш және баяндауыш атаулы мүшесі ретінде пайданылады. Қытай тілінде баяндауыштың атаулы мүшесі кез келген шақта жалғамамен қолданылады. Зат есімдер пысықтауыш қызметін атқара отырып, берілген затқа ұстанымды анықтай отырып, шылау қызметтегі сөзбен құралады. Қытай тілінде етістік зат есім сияқты жаққа, родқа және түрге жіктелмейді де, өзгермейді. Қытай тілінде шақтың мағынасы әр түрлі шақтың болымсыз түрінде болады [3].

Шақ мағынасының көрсеткіші жұрнақ хаттамасының жоқтығымен анықталады. Хатталмаған етістік ережеге сәйкес осы немесе келер шаққа қатысты іс-әрекетті білдіреді.

Қытай тілінің тағы бір ерекшелігі, етіс пен рай болмайды. Ырықсыз етіс — аналитикалық, яғни белгілі бір көмекші сөзбен анықталады. Қытай тілінің жалғыз райы потенциалды болып табылады. Ол белгілі бір іс-әрекеттің мүмкін еместігін көрсетеді. Бұл форма сөз ішіндегі қойылатын суффикс-аффикстермен орындалады. Қытай тілінде іс-әрекеттің болатынын, қажеттілігін немесе қалауын білдіретін өте көп модаль етістіктер жүйесі бар. Бұл «етістік» ұғымының ерекшелігі, оның морфологиялық қызметі толық өзгермейді.

Қытай тілін үйренудегі басты нәрсе — үйретушінің біліктілігі мен үйренушінің ізденісінің сәйкесуі. Қытай тілін студенттерге үйретуде ең алдымен олардың қызығушылығын туғыза отырып, оқытудың жан-жақтылы әдістемелерін қолданып оқыту керек [4].

Қытай тілін оқытушылары сабақ мазмұнын бағдарлама бойынша өтуден сырт, жаңа сабақтың талабы бойынша түрлі жасампаздық қимылдарды қанат жайдырып, оқушылардың қытай тілін үйрену қызығушылығын жоғарлатуға мән беру керек. Мысалы, шағын мақала жазу жарысын өткізу, кітап оқу, газет оқу қимылы, қытай тілінде көркем фильмдер көрсету, шағын сөз сайысы — мұндай оқыту әрқандай бір заттың аты-жөнін түсіндіргенде, сол заттың немесе құбылыстың пайдалы мен зиянды жағына пікір таластыру.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 *Ли Жан Сұң, Хан Чянь Таң.* Қытай мәдениеті / Қытай тілінде. — Пекин: Тілдер ун-ті баспасы, 2004.
- 2 *Дүкен Мәсімхан, Қайролла Мамытан.* Қытай тілі фонетикасының негіздері. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2001.
- 3 *Тұрсынхан Дәуітқанқызы.* Қытайша-қазақша салыстырмалы грамматика оқулығы. — Үрімжі: Шиң Жиаң Жастар-өрендер баспасы, 2006.
- 4 *Тіл мен мәдениет жөніндегі ізденістер-құраст.* Шың Шиайлоң. — Шанхай: Шанхай халық баспасы, 1986.

М.Баделхан

**Некоторые проблемы преподавания китайского языка**

В данной статье рассматривается проблема преподавания китайского языка как иностранного. Автор особое внимание уделяет методам и принципам преподавания данного языка в условиях мировой глобализации. Наряду с этим речь идет о проблеме усвоения слушателями фонетики, лексикологии, морфологии, словообразования и синтаксиса современного китайского языка.

M.Badelkhan

**Some issues in teaching the Chinese language**

The article devotes problem of study of Chinese language in national class. The author gives his opinion to methods and principles of studying this language in situation of world globalism. Besides this, the problem of learning the spheres of modern Chinese language, such as phonetics, lexis, word making and syntaxes have been talked.